



**СЫДЫКОВ ЕРЛАН**, «Шәкәрім» гылыми-педагогикалық журналының Бас редакторы, тарих гылымдарының докторы, профессор, КР еңбек сүйрген қайраткері. Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің ректоры, КР Ұлттық Кеңесінің мүшесі. Әл-Фараби атындағы Ұлттық университетінің тарих факультетінің бітіргең. «Қазақстан Республикасының Тауелсіздігіне 10 жыл» мерекелік медалімен, «КР білім беру ісінің күрметті қызыметкері» белгісімен марапатталған. Қолтеген гылыми мақалалардың, екі монография, екі оқу құралының авторы. «Шәкәрім және Алашорда» атты еңбегінде Шәкәрімнің қоғамдық-азаматтық қызыметі, тұтас шыгармашылығы сол уақыт контекстінде қарастырылады. «Егemen Қазақстан» газетінің тілшісі Даulet Сейсенұлымен болған сұхбаттың қазақша және орысша нұсқасы қатар берілді.

## ШӘКӘРІМ МУРАСЫ – ХАЛЫҚТЫҢ АСЫЛ ҚАЗЫНАСЫ

сұхбат

– Ерлан Бәтташұлы, дағы давышпаны атапған ойшыл ақын Шәкәрім қажының 150 жылдық мерейтойна дейін бір-ақ жылдай ұақыт қалыпты. Еліміз егемендікке кол жеткізген сәттен бастан, институт мандашасындағы Н.Крупская есімін Шәкәрім есімі алмастырганын, институтта Шәкәрім аудиториясы ашылғанын, одан беріті жерде бас гимараттарының алдында алып ақының асқақ ескерткіші орнатылғанын белеміз. Бүгіндегі соңын бері тарих. Сол тарихты білгісі келетіндер үшін өткенді бір еске алып отсек...

– Кейбіреулер кейде шолақ пайымдайтындей, егемендік бізге көктен түсे калған жоқ. Оған көптеген факторлар эсер етті. Айталақ, өткен гасырдың сексениңің жылдарындағы жариялышық нәтижесінде демократияга бір кадам болса да жақындей түстік. Сейтіл, кеңестік қасан ұғымдардан біртіндеп арылып, өткен тарихымызға басқаша көзкараспен қарай бастадық. 1988 жылы Шәкәрім бастаган бес бірдей арысмыз актальшы, өшкеніміз жаіып, өлгөніміз тірілгендей күй кештік.

Тегінде жоқсыз жазаның құрбағына айналған Шәкәрім қажыны актау мәселесі Абай елі, Семей өшірінде сонау алыссынышы жылдардың басында көтерілген болатын. Сол шакта Абай ауданында құрылған арнайы комиссия үлкен жұмыс атқарып, 300-ге жуық адамнан ақын өмірі мен шыгармашылығы жөніндегі айғакты деректер жинады. Соның бәрінде Шәкәрімге қарсы бірде бір теріс пікір болған жоқ. Әйтте де, соган карамастағы онды басталған іс аяғына жетпей жабылып калды.

Оны айтасыз, жаңағы жариялышық кезеңінің өзінде Шәкәрімді біржола актап алу онайға туспеді. Сол кездегі республика Министрлер кеңесінін төрағасы Н.Ә.Назарбаев осы іс тығырыққа тірелген тұста кайсыбыр бюро мүшелерін Шәкәрімнің ұлылығы мен актынына көздерін жеткізбекен болса, ақынның өз ортамызға оралуы тағы қанша жылға созылатындығын кім білсін?!

Абый болғанда, сол 1988 жылы ойшыл ақын тұған халқымен қауышты. Осы жылы жазда Шәкәрімнің 130 жылдығы Абай елінде тойланып етті. Абай ауданындағы бір шаруашылық, Семей қаласындағы бір мектеп пен бір үлкен данғылға Шәкәрім есімі берілді. Арада екі-үш жылдан соң нақтылап айтсак 1992 жылы Семейдің зиялы қауымының өтінішімен осындағы педагогика институтына да ақын есімі берілді. Ол бұған дейін сан ондаған жылдар бойы кешегі «құн қөсемнің» бойбішесі Н.Крупская есімін иеленіп келген-ді. Сондыктан бұрынғы алып империяның ызғары әлі жиби қоймаган шакта бірінің есімін екіншісінің есімімен алмастыру айтқаңға гана оңай еді. Өкінішке қарай, сондай жағдайда байырығы институтқа аты берілген Шәкәрім есімі арада үш жылдан соң, яғни, 1995 жылы осындағы төрт бірдей жоғары оқу орнының басы біркітірілпі, университет атанғанда, тұрасын айту керек, далада қалды.

Мен осы университеттеге 1997 жылдың жазында басшы болып келдім. Содан іске кіріскең беттен университеттеге Шәкәрім есімін кайтару жөнінде мәселе қозғадым. Бұл орайда, маган сол кездегі Абай

ауданының басшылары колдау білдірді. Бұл мәселе, сондай-ак ел газеті «Егеменде» елін-әлі жарық көрін жатты. Ақыры когамдық інкірдің нәтижесінде 1998 жылдың күзінде университеттеге Шәкәрім есімі кайтарылып берілді. Ал осыдан бір жыл бұрын семейлік азаматтармен ақылласа келіп, университеттегін бас ғимараты алдынан Шәкәрім ескерткіши ашуға уағдаласкан еді. Оның ақшадай қаржысын жергілікті кәсіптекерлер көтерсе, ал акын ескерткіши тұрғызы сиякты аса жауапты міндетті Мұратбек Жанболатов бастаған жергілікті суретшілер өз мойнына алды. Олар және бізден көп қаржы дәметпеніздер деген тілегімізге де түсіністікпен карап, азаматтық танытты. Мұратбектер, сондай-ак жергілікті зияны қауым екіндернің сын-ескертпелеріне құлак аса білді. Сейтін, жүртшылық көшілінен шықкан акын ескерткіши омірге келді.

Осы орайда, атап айттар жайт сол, бұл ойшыл акынның етапындағы ең алғашы ескерткіши еді. Мұны бір деңіз. Екіншіден ескерткіштің бітуі университеттеге акын есімінің кайтарылып берілуімен тұспа-тұс келді. Сейтін, екі оқиганы университеттегін бас ғимаратының алдында бірге атап өттік. Жергілікті акындар да соған орай жырдан шашу шашып жатты. Қалай десек те, бұл күн кала жүртшылығының есіндегі қалар айтулы оқига болғандығы шындык.

Бірақ, омір бір орнында тұрмайды, яғни бәрі де өзгеріп, бәрі де жанарап жатады. Мәселен, заман талабына орай, 2004 жылды әлгі университет құрамынан бұрынғы педагогика институты қайтадан белініп, өз алдына шаңырак көтерді. Екіншіке қарай, сол кездеғі салалық министрлік басшылығы әу бастагы мәселенің байыбына бармастан Шәкәрім есімін еңігі жерде неғзінен техникалық университеттеге айналған білім ордасында калдырды.

— Алайда, ездердің одан кейін де Шәкәрімнің әдеби, ғылыми асыл мұрасын зерттеу ісімен айналысады тоқтатынғандарыныңды білеміз. Соның айтатында, инсигнитта Шәкәрімтану ғылыми-зерттеу орталығының жұмыс істей бастағанына бірнеше жылдың жүзі болды. Соның бір-екі жылдан бері мұнда «Шәкәрім» атты ғылыми-педагогикалық журнал шығып жатыр. Енді солардың жұмысын туралы еңгімені тарқатыпқыран айттың берсеңіз.

— Жоғарыда 1998 жылы университеттеге Шәкәрім есімі кайтарылып берілді, сол елеулі оқига орай университеттегін бас ғимараты алдында акын ескерткішінің ашылуы да тұспа-тұс келді дедім гой. Иле университеттеге өз күшімзібен Шәкәрімтану ғылыми-зерттеу орталығын аштық. Оған басшылық жасайтын білікті ғалымды іздестіріп, ғылымда салмагы, атак-абыройы бар біраз агаларга колка салдық. Бірақ ол кіслер Алматы, Астанадағы жылы орындарын сүткісі келмеді.

Айналып келгенде тандауымыз осы кезде Алматыда қызмет істеп жаткан өзіміздің педагогика институтының кешегі түлегі Тұрдықұла Шанбайға тусти. Өйткені, бізге әнциклопедист ғалым көрек еді. Себебі, Шәкәрім орталығын құру бір міндет болса, оның аржағында акынның тұлғалық әнциклопедиясын шыгару секілді аскаралы және бір міндет бар-тын. Ал Тұрдықұл бұл орайда жас та болса біршама тәжірибе жинақтап қалған-ды. Мәселен, ол осы шақта Қазақстан ұлттық әнциклопедиясының әлеуметтік-тұманитарлық ғылымдар орталығының басшысы болып қызмет етіп жаткан-ды. Тегінде ГМД елдерінің шинен өзин-ұлттық әнциклопедиясын бірінші болып шыгаруды колга алған біздің ел болатын. Тұрдықұл осы 8 томдық әнциклопедияның төрт томын шығаруға қатысты. Мұның сыртында Түркістан каласының 1500 жылдығына арналған «Түркістан» атты тұнғыш халықаралық әнциклопедия редакциясының меншерушісі, 16 томдық балалар әнциклопедиясы жобасының бастауында болды. Әзірлайтта, бірін айт демекші, оя академик Әбдімәлік Нысанбаевтың қарамағында қызмет істеп біршама ысылын қалғанды. Елбасымыз ғалымдарға да, басқаларға да елге барыптар деп жатыр гой. Ал сен де. Тұрдықұл, еліне орал деген біздің өтінішімізді ол жерге тастамады.

Орталық құрылғаннан бергі жерде Шәкәрім мұрасына арналған бірнеше ғылыми-практикалық конференция өткізді. Мұның сыртында осы орталықта акын мұражайы ашылды. Ал 2005 жылдың соңынан бастап мұнда «Шәкәрім» деген атпен ғылыми-педагогикалық журнал үш – казак, орыс және ағылшын тілдерінде жарық көріп келеді. Және оның өз күшімзібен шыгарылып жатқанын, бүгінгі күнге дейін оның алты нөмірі жарық көргенін айта көтсек артық болmas.

— Сіздердегі Шәкәрімтану ғылыми зерттеу орталығында Шәкәрімнің тұлғалық әнциклопедиясы даярланып жатқанын білеміз. Бұл енді оте бір ингілікті шаруа екенінде айтпаса түснікті. Әрберіден соң оны алыш акынның 150 жылдық дүбірлі мерейтойның басты бір пірасы десек, оған кім дау айтады? Сол әнциклопедияны даярлау ісі қазірде қандай деңгейде, опымен кімдер шұғылдануда? Оның қаржы мәселеіші шешілген бе?

— Әдette Семейді еліміздің рухани орталықтарының бірі деп жатамыз. Бұл өшірдің Абай, Шәкәрім, Мұхтар сынды ұлыларды өмірге әкелгені, осы өлкеде Абайдың акындық мектебі қалыптасқандығы бәр-бәрі шындық. Десе де, солардың артында калдырган мол мұрасын түбекейлі зерттеп болдық десек асылық болар. Бірақ осы орайдағы талпынысымыз текке кетіп жатқан жок. Яғни, Шәкәрімтану ғылыми-зерттеу орталығы бір ғылыми-зерттеу институтының жұмысын бір өзі аткарған отыр десек артық айтқандық емес.

Тепкіде тұлғалық энциклопедия шыгаруды кім оның шаруа дей алады. Бұл әрберіден соң көршіміз, іргелі Ресей елінде де соншалықты орістемеген т. Яғни, олар да әрбір даныштанының омір жолына арналған тұлғалық энциклопедия шыгарып та, соған соншалықты құлшынып, тыраштастып та отырган жок. Өйткені, бұл оте бір жауапты шаруа.

Рас, біз хакім Абайдын 150 жылдық дүбірлі тойында оның тұлғалық энциклопедиясын шытарып ұлгерген екенбіз. Енді біз сол онда тәжірибелін үлгілі жақтарын да, «көттеген-айны» да ескеруге типсіз. Жеке бір тұлғаның коршаған ортасын, араласқан-құраласқан адамдарын, яки жер-су аттарын тізбелеп шыгуымен энциклопедия жасалмайды. Мұнда біз сол жеке тұлғаның жекелеген өмір кезеңіне де, шығармаларының мөн-манзызына да бойлап ене болуымыз, талдай білуіміз кажет.

Шәкәрімтану оргалығы соған орай Тұрдықұл Шанбайдын созғызбесін жөн «Шәкәрімтану» деген атасын жазылған библиографиялық көрсеткіштің жарыққа шыгарды. 2,5 мыңдай атауларды камтыған созғызбесі Алматыдағы әдебиет, тіл билимі тарих және этнография институттарына, үлттық энциклопедия үжымына, іргелі жогары оку орындары мен ондағы тұрлі ғылыми-зерттеу оргалықтарына, жекелеген ғалымдарға, зиялы қауым өкілдеріне, мұражайларға талқылау үшин жіберіл, пікір айшыртылған. Әлгі созғызбеге енгізілпі жазылған мақалалар мен деректер кайтадан сараптаудан откізілетін болады. Соның өзінде бұл энциклопедия кемі 2 мыңдай мақаланы қамти ма деген отырмыз. Соңда оның колемі 50 баспаға жуықтап калар. Жалпы оны алдағы күзде баспаға еткіземіз бе дейміз. Ал оның каржы мәселесі шешілген бе деген сұрағынан жағынан орай, мұның бәрі өзіміздің, институттың инициативасы екендігін айтка кеткенім дұрыс болар. Қысқасы, әзірge ешкімге алакан жайын, көмек сұрап отырганымыз жок. Ал алда республика Уқыметі тараптың бұл іске көмек болып жатса, оған раҳметтен басқа не айтамыз. Өйткені, мұның бәрі Шәкәрім үшін емес, өзіміз үшін керек дүние. Кейінгі жас үрпактың рухын көтеру үчин кезінде өзінің бағасын ала алмаған ұлыларымызды оларға өз мәннестаныға болуіміз керек деп білеміз.

– Шәкәрімтану ғылыми-зерттеу оргалының мұның сыртында «Шәкәрімтану мәселелері» атты сериялық жинақ шығарып жатқанынан да хабардармыз. Ол жалпы неше томдық жинақ, оларда кандай тақырыптар қамтылмақ? Жалпы оргалықта бұдан басқа қандай қытайтар шықты, яки шықпак?

– Бұл озі халықаралық стандартқа сай шығарылып жаткан сериялық жинақ. Оның үлгісін шетел әдебистінен көріп журміз. Мәселен, Ресейде Лермонтов өмірі мен шығармаларын талдау зерттеуге арналған отыз томдық жинақ шықкан.

Шәкәрімтану әлі балаң ғылым. Кезінде ол кісінін өмірі мен шығармашылығы турали тереңдеп айтта алмадық. Сондыктан оған кәрі нәлен томдық сериялық жинақ арналады деген кесіп айттуға келмейді. Яғни, бұл алда да өз жалғасын табатын шаруа. Әзірge осы сериямен екі том жарық көрді. Ушінші том баспада жатыр. Ақын тойында дейін осы сериялық жинақтың бес томыны жарыққа шығармакпиз. Жоғарыда айтқандай, бұл итепті шаруа тойдан кейін де өз жалғасын табады.

Ал «Шәкәрімтану мәселелері» деген аталатын сериялық жинақта қандай мәселелер камтылған деген сұрағынан жағынан орай, оның алғашкы томында Шәкәрім өмірі мен шығармашылығы турали көрнекті әдебиетші ғалымдар М.Магауинің, К.Мұхаметхановтың, Р.Нұргалидың мақалалары, ақынның ұлы Ахат ақсакалдың «Менін эксл, халық ұлы – Шәкәрім» атты естелігі мен белгілі әдебиетші Б.Сапаралының ол Ахат ақсакал турали «Ұлыдантуған ұл» деген мақаласы жарияланды.

Бірнеше томда мұның сыртында халқымыздың мәндейнін басқан біртуар перзенттері Ә.Бекейхановтың, Ж.Аймауытовтың және М.Әуезовтың ақын шығармашылығы турали мақалалары «Шәкәрімтану тарихынан» деген айдармен жарық көрді. Бұған коса Т.Шаңбайдың «Шәкәрім» тұлғалық энциклопедиясының созғызбесін осы алғашкы томда халық тәзедепті біліп, пікір білдірсін, атсалыссын деген иниетпен қайта жариялады.

Ал екінші томда Шәкәрім шығармашылығы жөнінде әр жылдарда төрениң ой козгал. калам терберен Ж.Әбділдин, М.Қаратасев, З.Ахметов, Р.Бердібаев, Ә.Дербісөлі, Ф.Есім, А.Еспенбетов сынды және басқа да белгілі әдебиетші ғалымдардың мақалалары басылды. Ақын Шәкәрімнің творчестволық мұрасы жөніндегі 1988 жылғы Казакстан Компартиясы Орталық Комитеттің қаулысы да осы томда.

Сонсон біздер гылыммен, Шәкәрім мұрасымен айналысып жаткан жас ғалымдар енбегін де көнілден тыс, коз таса қалдырмауга тырысадамыз. Осыған орай, шығытуымызда арнайы магистратура ашылған. Оңда жиырма шакты аспирант оқып жатыр. Оның алды Шәкәрім шығармашылығынан кандидаттық диссертация корғап үлгерді. Орталықта сонымен бірге осы тақырыпта докторлық диссертациялар да жазылуда. Сериялық жинақтың алдағы кезекті бір томында жас ғалымдар енбегі де жарияланатын болады. Мұның сыртында кайсыбір аспиранттардың Шәкәрім шығармашылығына арналған брошиоралары жарық көре бастады. Шәкәрім өмірі турали деректі шығарма да осы оргалықта даярлануда.

– Есік әңгімелі жаңығыртқандай болмайык, десе де Шәкәрім есімі енді сіздерге қайтарылмайтын

## УАҚЫТ ТАҚЫРЫБЫ, ТЕМА ВРЕМЕНИ. HOT TOPICS.

болса, институтка Алаш косемдерінің бірінің, мәселен Эліхан Бекейханов есімін беруге болmas па? Бұл өзі астанасы Семей болған Алашқозғалысының биылы 90 жылдығына орай онды шаруа болар еді? Сөз сөннида соған байланысты өзіндіден көзқарасынызды білдіре кетсөніз...

- Семейдің зиялдық кауымы тарапынан мұндай ұсыныс жуырда ғана облыстық ономастика

комиссиясына жолданған екен. Ондағылар біздің бұл ұсынысқа қалай карайтынымызды сұрастырган да болатын. Біз, әрине, карсы емеспіз. Десе де, бұл мәселеніңдегі шешімі тиісті құзырлы орындардың колында. Сондыктан уақыттан оза шаппай, сәтін күтейік.

- Эңгіменізге рахмет.

*Сұхбатты жүргізген Даulet Сейсенұлы*